

### 3.1 Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі. Қазақстан мәдениеті (XVIII-XX ғасырдың басы) - 2 сағат

#### Жоспар:

1. Бөкей хандығындағы Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақтардың көтерілісі
2. Сұлтан Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың халық-азаттық қозғалысы
3. Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлы бастаған көтерілістер. 1868- 1869 жж. Торғай, Орал облыстарындағы және 1870 ж. Маңғыстау қазақтары көтерілістерінің себептері, сипаты мен барысы
4. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ даласы. 1916 жылғы ұлт- азаттық көтеріліс, оның себептері, қозғаушы күштері, басталуы, барысы және негізгі кезеңдері

**Әдістемелік нұсқау:** Осы тақырыпты оқып жүргенде студенттерге қазақ халқының Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы тұруы ұзақ және көп қырлы үрдіс болғанын түсіну маңызды. Бұл процесс тәуелсіздікті сақтауға ұмтылуды да, әлеуметтік әділеттілікті қорғауды да көрсетеді. XVIII ғасырдың соңынан бастап болған әрбір көтеріліс жеке эпизод емес, еркіндік пен ұлттық бірегейлік үшін күрестің жалпылама тарихи желісінің бөлігі екенін түсіну керек.

Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісімен танысқан кезде студенттер оны империялық бақылауды күшейтуге қарсы ұйымдасқан қозғалыстың бастауы ретінде көруі тиіс. Бұл бақылау дәстүрлі билікті шектеу және жер мәселелерімен байланысты болды. Сол сияқты, Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлының көтерілісі де тек отарлау саясатына ғана емес, хандық ішіндегі әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес сипатында болғанын көрсету маңызды. Ерекше орын Кенесары Қасымұлының көтерілісіне тиесілі, ол XIX ғасырдағы ұлттық-азаттық күрестің шарықтау шегі болып табылады. Хан билігін қалпына келтіру және қазақ жүздерін біріктіру әрекеті халықтың саяси тәуелсіздікке ұмтылуының негізі болды.

Студенттер XIX ғасырдың екінші жартысындағы көтерілістерге де назар аударуы қажет – Жанқожа Нұрмұхамедов, Есет Көтібаров бастаған көтерілістер, Торғай және Орал облыстарындағы қозғалыстар, сондай-ақ Маңғыстаудағы оқиғалар. Бұл оқиғалар колониялық саясат күшейсе де, халықтық қарсылық әлсіремей, керісінше, көпшілік сипатқа ие болғанын көрсетеді. Көтерілістер жер реформаларына, көші-қон саясатына және дәстүрлі өмір салтының шектелуіне деген халықтың терең наразылығын бейнелейді.

Тақырыптың маңызды кезеңі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, ол Бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты болды. Бұл көтеріліс бүкіл Орта Азия мен Қазақстанға әсер еткен ең ірі ұлттық толқулардың бірі болды. Студенттер оның екі жақты сипатын түсінуі керек: бір жағынан, халыққа қатысты қайғылы оқиғалар, жаппай құрбандар мен мәжбүрлі көші-қондар; екінші жағынан, ұлттық сана қалыптасуының маңызды кезеңі, ол XX ғасырдағы болашақ азаттық қозғалыстарына дайындық болды.

#### Реферат тақырыптары:

1. Сібір ведомствосы қазақтарының аумағында Қасым Абылайханов, Саржан Қасымов сұлтандарының қозғалысы
2. Көк-темір көтерілісі: көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері, оның

маңызы.

3. 1916 жылы көтеріліс әскерлерін ұйымдастырудағы Амангелді Иманов, Токаш Бокин, Бекболат Ашекеев, Әбдіғар Жанбосынов және басқалардың рөлі.
4. Қазақтардың дәстүрлі қоғамына патша реформаларының әсері.

**Негізгі әдебиеттер:**

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 - том. – Алматы: «Атамұра», 1998. - 640 б.
2. Кумеков Б.Е. Государство кимаков в IX-XI вв. – Алма-Ата, Наука, 1972. – 695 с.
3. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
4. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей. Астана: Астана Даму, 2006. – 256 с.
5. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004. – 368 с.
6. История Казахстана. – Алматы, Алматы кітап, 2016. – 458 б.